

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 8

2024 жылғы 13 қыркүйек
сағат 10.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

**1. Банк қызметі саласындағы және басқа қаржы нарықтарындағы
бәсекелестікті қорғау шектеу мәселелері**

1.1. Қаржы нарықтары департаменті директорының орынбасары М.Р. Рақымжанның инкассаторлық ұйымдарға қатысты ақпараты назарға алсын.

1.2. А.Ж. Бикебаевтың, И.Г. Абсалямұлының, А.К. Жалкеевтың пікірлері ескеріле отырып, Қоғамдық кеңестің мүшелері Агенттікке мынаны ұсынды:

1) Тұтынушылық кредиттеу тауар нарығына талдау жүргізу (*монополиялық жоғары баға тұрғысынан сыйақы мөлшерлемелерін талдау және жеткілікті негіздер болған жағдайда, басым ойыншыларға қатысты тергеп-тексеру жүргізу, олардың арасындағы сөз байласу тұрғысынан тексеру; банктер арасында комиссиялар белгілеудің негізділігін талдау және монополиялық жоғары баға тұрғысынан тексеру*);

2) Бұрынғы кезеңдерде көрсетілген банктерге мемлекеттік көмекті монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан тексеру (*олардың нарықтық шарттарда қанша берілгенін және олар бойынша сыйақы мемлекеттік көмек берілген кездегі нарықтық шарттарға қаншалықты сәйкес келгенін тексеру*).

2. Кәсіпкерлік саласындағы өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың тиімсіз немесе іріктеп мемлекеттік бақылауының тауар нарықтарындағы бәсекелестікке әсері мәселесін талқылауды қоса алғанда, мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі)

2.1. Тергеп-тексерулер департаментінің бас консультанты Д.Н. Әлмағамбетованың мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттеріне қатысты ақпараты назарға алынсын.

2.2. В.Н. Микрюковтың жергілікті атқарушы органдардың эскиздік жобаларды келісу тетігін теріс пайдалануына, сондай-ақ энергиямен жабдықтау объектілеріне қосылуға техникалық шарттар беруге қатысты пікірі назарға алынсын.

2.3. Р.Н. Ахметовтің архитектура бойынша проблемаларды жүйелі шешімдермен жою қажеттілігіне, сондай-ақ монополистермен қарым-қатынаста бизнес субъектілерінің құқықтарын монополияға қарсы реттеушінің қорғау қажеттілігіне қатысты пікірі назарға алынсын.

2.4. Р.Н. Ахметовтің, О.А. Жандосовтың пікірлерін ескере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелері Агенттікке:

1) Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі) *(сегменттелген, кесте бойынша)* мәселесі неғұрлым егжей-тегжейлі Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарауына шығаруды;

2) Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің отырыстарына мүдделі салалық мемлекеттік органдардың өкілдерін шақыру мүмкіндігін қарауды ұсынды.

Төраға



А. Бикебаев